

Жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Амангелді ауданы Үрпек ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 9 тамыздағы № 4 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес, "Амангелді ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 24 шілдедегі № 82, № 83 бұйрықтарымен бекітілген жерге орналастыру жобалары негізінде ШЕШТІМ:

1. "Қостанай облысы әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы" мемлекеттік мекемесіне елді мекендердің жері санатынан Амангелді ауданы, Үрпек ауылдық округі, Ағаштыкөл ауылы аумағында орналасқан жер учаскелеріне қауымдық сервитут белгіленсін:

Амангелді ауданы, Үрпек ауылдық округі, Ағаштыкөл ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі тұрғын үйлерге сыртқы инженерлік желілерді (сумен жабдықтау) салу үшін жалпы алаңы 0,0008 гектар;

Амангелді ауданы, Үрпек ауылдық округі, Ағаштыкөл ауылындағы бір қабатты бір пәтерлі тұрғын үйлерге сыртқы инженерлік желілер (кәріз) салу үшін жалпы алаңы 0,0012 гектар.

2. "Амангелді ауданының Үрпек ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы шешімді оның ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үрпек ауылдық округінің әкімі

Г. Жакибаев